

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 1-сі

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма Төрағасы – Ректор

А. Шокпаров
А. Шокпаров

«30» 03 2025 ж.



УЕ-02-05-03

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ
ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**


Түркістан, 2025

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:


Тіркеу кеңсесінің
басшысы



М. Тұрғанбек
« 20 » 03 2025 ж.


КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер
жөніндегі вице-ректор




Л. Шалабаева
« 20 » 03 2025 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
компаенс қызметінің басшысы




Д. Бейсембаева
« 20 » 03 2025 ж.

Бас бухгалтер




Ж. Ибраева
« 20 » 03 2025 ж.

Академиялық даму бөлімінің
басшысы



Г. Сыздыкова
« 20 » 03 2025 ж.

Экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімінің басшысы



А. Ербаева
« 20 » 03 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің
басшысы




К. Тубеков
« 20 » 03 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы
(Заңгер)



Е. Тасов
« 20 » 03 2025 ж.

Сапаны қамтамасыз ету
бөлімінің басшысы



Ж. Сейткулова
« 20 » 03 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Негізгі ұғымдар, терминдер және анықтамалар	4
4	Белгілер мен қысқартулар	5
5	Жауапкершілік және өкілеттілік	6
6	Мемлекеттік стипендияны тағайындау тәртібі	6
7	Білім алушыларға берілетін мемлекеттік стипендияның мөлшерлері	7
8	Президенттік стипендияларды тағайындау	8
9	Білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшері, көздері және түрлері	8
10	Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидалары	9
11	Өзгерістерді енгізу тәртібі	9
12	Келісу, сақтау және тарату	9
13	Өзгерістерді тіркеу парағы	10
14	Танысу парағы	11
15	Қосымша 1	12

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Стипендия тағайындау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университетінде» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшерін айқындау мақсатында «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы N 116 Қаулысына сәйкес әзірленді.

1.2 Мемлекеттік стипендиялар мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға, магистранттарға тағайындалады және төленеді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Университеттің осы Ережесінде көрсетілген нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы;
- «Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 07 ақпандағы №116 қаулысы;
- «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 677 бұйрығы;
- «Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 сәуір №136 бұйрығы;
- «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы;
- «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Жарғысы.

3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Академиялық кезең – семестр, триместр, тоқсан сияқты үш нысанның біреуін білім беру ұйымы өзі белгілейтін теориялық оқу кезеңі;

Академиялық күнтізбе – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі;

Академиялық демалыс – білім алушылардың, магистранттардың денсаулығына байланысты, оның ішінде жүктілік пен босануға, 3 жасқа дейінгі баланы күтуге байланысты, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақырылған, оқуларын уақытша тоқтататын кезең;

Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушының емтихан сессиясы кезеңінде бір пәннің толық көлемін немесе бір бөлігінің мазмұнын аяқтап болғаннан кейін оның игеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 5-сі

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау – университет дербес айқындайтын бақылаудың (ағымдық, аралық және қорытынды) және аттестаттаудың әртүрлі нысандарымен білім алушылардың білім деңгейін тексеру;

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім;

Жеке оқу жоспары – типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылардың әр оқу жылы үшін өз бетімен қалыптастыратын оқу жоспары;

Жеке стипендия – жеке немесе заңды тұлғалар тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын, білім беру мекемесінің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысатын ең талантты білім алушыларды көтермелеу үшін тағайындайтын стипендия; жеке стипендиялардың мөлшері мен оларды төлеу тәртібін оларды белгілеген органдар мен адамдар анықтайды;

Жол жүру өтемақысы – мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушыларға қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жол жүру құнының бөлігін өтеу үшін берілетін ақшалай төлем;

Мемлекеттік стипендия – білім алушыға тамақтану, тұру және оқу әдебиеттерін сатып алу шығындарын ішінара жабу үшін берілетін ақша сомасы;

Мемлекеттік атаулы стипендия – Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін стипендия; Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін стипендия Университеттің ғылыми кеңестерінің шешімдері негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдегі жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының магистранттары мен білім алушыларына төленеді;

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average – GPA) – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы);

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі – сандық эквиваленті бар және халықаралық деңгейде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін орнатуға мүмкіндік беретін баллдардағы білім жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

Тіркеу кеңсесі – білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын олардың меңгерген академиялық кредитін есептей отырып тіркеумен шұғылданатын және білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды, оның академиялық рейтингісін есептеуді ұйымдастыратын академиялық қызмет.

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- Университет – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- Ереже – Стипендия тағайындау туралы Ережесі;
- ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 6-сі

ДКК – Дәрігерлік кеңес комиссиясы.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

- 5.1 Осы Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде қаралады және бекітіледі.
- 5.2 Осы ереже Университеттегі білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшерін айқындау мақсатында пайдалануға рұқсат етіледі.
- 5.3 Осы Ереже негізінде білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшерін айқындау Басқарма Төрағасы – Ректор бұйрығымен рәсімделеді, ұйымдастыруға Экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі, Бухгалтерлік есеп бөлімі, Тіркеу кеңесі жауапты болады.

6. МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯНЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

6.1 Мемлекеттік стипендия аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) нәтижелері бойынша «үздік», «жақсы» деген бағаға сәйкес бағалардың баламасын алған, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға, магистранттарға, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алуға ауыстырылған білім алушыларға, магистранттарға тағайындалады.

6.2 Бірінші академиялық кезеңге мемлекеттік стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бірінші курсқа (бірінші оқу жылына) қабылданған барлық білім алушыларға, магистранттарға 01 қыркүйектен бастап бірінші академиялық кезең мен каникул аяқталатын айды қоса алғанда, оның соңына дейін тағайындалады.

6.3 Келесі академиялық кезеңдерде мемлекеттік стипендия білім алушыларға, магистранттарға осы Ереженің 5.1-тармағына сәйкес алдыңғы академиялық кезеңдегі аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша тағайындалады.

6.4 Аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде дәлелді себептер бойынша (сырқаттану, отбасы жағдайы, дүлей апаттар, академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бойынша оқу) тапсырмаған білім алушыларға, магистранттарға білім беру ұйымының басшылығы білім алушы растайтын құжаттарды тапсырғаннан кейін аралық аттестаттау (емтихан сессиясын) тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

6.5 Тапсырылған аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша білім алушылардың аталған санатына осы Ережедегі белгіленген тәртіппен мемлекеттік стипендия тағайындалады.

6.6 Академиялық демалыстан оралған білім алушыларға, магистранттарға мемлекеттік стипендияны тағайындау оқу жоспарларындағы академиялық айырма жойылғаннан кейін осы Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6.7 Сырқатына байланысты екінші оқу жылына қалдырылған білім алушыларға, магистранттарға мемлекеттік стипендия олар оралған кезден бастап осы Ережеде белгіленген тәртіппен оқу жоспары орындалған алдыңғы семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады.

6.8 Тиісті медициналық қорытындысы бар болса, туберкулезбен ауыратын білім алушыларға, магистранттарға мемлекеттік стипендия алдыңғы семестрдің қорытындысына қарамастан еңбекке жарамсыздық кезеңіне, бірақ еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап он айдан аспайтын кезеңге тағайындалады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 7-сі

6.9 Білім алушыларға, магистранттарға бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты академиялық демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия тағайындалмайды.

6.10 Мемлекеттік стипендияларды тағайындау Тіркеу кеңсесі басшысының қызметтік жазбасы (ұсынуы) негізінде Басқарма Төрағасы – Ректордың (бұдан әрі – Ректор) бұйрығымен жүргізіледі.

6.11 Мемлекеттік стипендияларды тағайындау төмендегі жағдайлар орын алғанда тоқтатылады:

6.11.1 шығарылу себебіне қарамастан, білім алушы Университеттен шығарылған жағдайда;

6.11.2 білім алушы қайтыс болған жағдайда;

6.11.3 білім алушы оқу бітіргеннен кейін оқу бітіргені туралы бұйрық шыққаннан кейін;

6.12 Осы Ереженің 5.11-тармағында белгіленген жағдайлар бойынша мемлекеттік стипендияларды тағайындауды тоқтату Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

6.13 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алынған балаларға мемлекеттік стипендия растайтын құжаттар тапсырылған күннен бастап және емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі болмаған кезде ұлғайту ескеріліп тағайындалады.

7. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІ

7.1 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға ай сайынғы мемлекеттік стипендия мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 07 ақпандағы №116 қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және мөлшері қағидаларына сәйкес белгіленеді.

7.2 Көру және есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар тұлғалар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) балалар, сондай-ақ аралық аттестация (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша барлық пәндерден тек "өте жақсы" деген баға алған білім алушылар мен магистранттар жоғары мөлшердегі мемлекеттік стипендия алуға құқылы.

7.3 Мемлекеттік стипендияның жоғары мөлшерінің көлемі 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

7.4 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық мемлекеттік қамсыздандыруда тұрған білім алушылар мен магистранттарға мемлекеттік стипендия мөлшерінің 50% (елу пайызы) көлемінде белгіленеді.

7.5 Медициналық қорытынды негізінде (туберкулезбен ауыратын) академиялық демалыста жүрген білім алушылар мен магистранттарға академиялық демалыс кезеңінде мемлекеттік стипендия мөлшерінің 50% (елу пайызы) көлемінде, ал мүгедектігі бар тұлғаларға – 75% (жетпіс бес пайызы) көлемінде белгіленеді.

7.6 «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы N 1468-ХІІ заңына сәйкес экологиялық апат аймағында тұратын білім алушыларға стипендия төлеу

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 8-сі

экологиялық жағынан қолайсыз жағдайда тұрғаны үшін коэффициент қолданыла отырып белгіленеді.

8. ПРЕЗИДЕНТТІК СТИПЕНДИЯЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ

8.1 Президенттік стипендия «Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 05 наурыздағы № 1134 қаулысының 6-тармағына және «Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау Ережесін бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі №136 бұйрығына сәйкес меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім алушылар мен магистранттарына тағайындалады.

8.2 Стипендия:

8.2.1 білім алушылар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға;

8.2.2 анағұрлым талантты және дарынды білім алушылар мен магистранттарды қолдауға;

8.2.3 интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал етуге бағытталған.

8.3 Университет меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ағымдағы жылғы 25 қаңтарға дейін өздері қарауындағы мемлекеттік органдарға стипендияға қажеттілікті жібереді.

8.4 Стипендия күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын білім алушыларға 3-курстан бастап, магистранттарға – екінші оқу жылынан бастап мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде тек «өте жақсы» (А, А-) оқитын білім алушыларға және магистранттарға беріледі.

8.5 Стипендия білім алушылар мен магистранттардың мынадай санаттарына тағайындалады:

8.5.1 республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңалықтар, өнертабыстар авторлары;

8.5.2 ғылыми еңбек жинақтарында, республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар;

8.5.3 табыстары дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар;

8.5.4 Университеттің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене араласатындар.

8.6 Стипендия ғылыми кеңестің шешімі негізінде Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

8.7 Стипендия бір академиялық кезеңге тағайындалады.

8.8 Стипендия Университет ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес бір тұлғаға бірнеше рет берілуі мүмкін.

8.9 Стипендияларды төлеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде ай сайын жүргізіледі.

9. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ, КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

9.1 Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларға арналған біржолғы жәрдемақы нормалары, киім-кешекпен қамтамасыз етуге жұмсалатын шығыстар және күнделікті тамақтану нормалары білім беру саласындағы уәкілетті органмен белгіленеді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 9-сі

9.2 Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін), жексенбі, мереке күндері және каникул уақытында тамақтануға арналған шығыстар нормасы 10 пайызға ұлғайтылады.

9.3 Мемлекеттік жоғары оқу орындарында білім алатын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен жетім балаларға білім алушылар қатарына қабылданған кезде екі айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде, оқуды аяқтаған кезде төрт айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде біржолғы ақшалай жәрдемақы қарастырылған.

10. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ӨТЕМАҚЫЛАР ТӨЛЕУ АРҚЫЛЫ ҚЫСҚЫ ЖӘНЕ ЖАЗҒЫ КАНИКУЛ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЛААРАЛЫҚ ТЕМІРЖОЛ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ (ТАКСИДЕН БАСҚА) КӨЛПІНДЕ ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖОЛ ЖҮРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

10.1 Жол жүру өтемақысы республикалық бюджеттің қаражаты есебінен төленеді.

10.2 Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырысты орындайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жыл сайын республикалық бюджеттің жобаларын әзірлеу кезінде білім алушыларға жол жүру үшін ақшалай өтемақыларды төлеуге арналған қаражатқа қажеттілік есебін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

10.3 Жол жүруге өтемақы мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың мынадай санаттарына төленеді:

10.3.1 білім алушыларға, магистранттарға жылына екі рет қысқы және жазғы каникул кезеңінде 4 еселенген айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде;

10.3.2 бітіруші курстарға (түлектер) – жылына бір рет 4 еселенген АЕК мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төленеді.

10.4 Білім алушыларға жол жүру өтемақыларын төлеуді жыл сайын ақпан және маусым айларында қаражатты білім алушылардың карт-шотына аудару жолымен немесе қолма-қол төлемдермен жүргізеді.

11. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

11.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

12. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

12.2 Осы Ереже негізінде білім алушыларға, магистранттарға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және олардың мөлшерін айқындау Ректор бұйрығымен рәсімделеді, бұйрық түпнұсқасы Тіркеу кеңсесінде сақталады, көшірмесін растап Бухгалтерлік есеп бөліміне, электронды көшірмесі жұмыс үшін басқа бөлімдерге, мектептерге таратылады.

12.3 Осы Ереженің жұмыс данасын сақтау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Тіркеу кеңсесіне жүктеледі

12.4 Осы Ереженің бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау тәртібі туралы ереже		УЕ-02-05-03
Бекітілген 20.03.2025 ж.	Басылым №1	12 беттің 12-сі

Қосымша 1

Р/с №	Стипендиаттар тізбесі	Мемлекеттік стипендияның белгіленген мөлшеріне қатысты мөлшерлерді пайызбен жоғарылату
1	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын көру қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға	75
2	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген білім алушыларға, магистранттарға және интерндерге	50
3	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қамқорлығындағы (қорғаншылығындағы) балалар қатарындағы білім алушыларға, магистранттарға және интерндерге	30
4	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек «үздік» деген бағалары бар білім алушыларға, магистранттарға	15